



БІР ТІЛ – БІР МЕМЛЕКЕТ ҚАҒИДАСЫ АТА ЗАҢДА КӨРІНІС ТАБУЫ КЕРЕК

Соңғы аптада қоғамда Ата Заң жобасындағы орыс тіліне қатысты норманың өзгерісіне байланысты екіұдай пікірталас ширыға түсуде. Осындайда 2023 жылы "Abay.live" қоғамдық-саяси және мәдени тақырыптардағы сұхбат алаңының жүргізушісі Абай Сейфуллаға Парламент Мәжілісінің депутаты Ринат Зайтовтың берген төмендегі сұхбаты есіме түсіп отыр. Не айтылды, тыңдап көрелік.

–Алдағы 10-20 жылда қазақ тілі мемлекеттік тіл болып жалғыз өзі қалады дегенге сенбеймін. Сіз ше?

–Мен сенемін.

–Қанша жылда?

–3-ақ жылда. Бір заңды жұмыс істетіп жіберсек болды.

–Мен соны сіздер істете алмайды деп ойлаймын. Келіспейсіз бе?

–Келіспеймін сізбен. Біз оның жарты жолына келіп қалдық. Құдайға шүкір, Қазыбек ағамыз бастаған бір топ депутаттар. Бұрын Қазыбек ағамыз жалғыз еді. Қазір парламенттің жартысы. Сенесіз бе, сенбейсіз бе?

–2-3 жылда орыс тілі ресми тіл статусынан түсіп, іс-қағаздары тек қазақ тілінде жүреді деп отырсыз ғой.

–Істетуге болады соны.

Қарап отырсам, Ринаттың сол сұхбатты бергеннен бері арада үш жылға жуық уақыт өтіпті. "Үш-ақ жылда қазақ тілі мемлекеттік тіл болып жалғыз өзі қалады" дегені, бүгінгі халық талқысына ұсынылған жаңа Ата Заң жобасымен үйлеспей-ақ тұрғаны. 1995 жылы қабылданған Ата Заңның 7 бабының

2-тармағы айна-қатесіз жаңа жобада 9 баптың 2-тармағына Конституция комиссиясы соңғы аптада "тең" деген сөзін "қатар" деген сөзбен орнын ауыстырғаны болмаса, баяғы жартас-бір жартас қалпында қалып отыр. Екеуінің де мағынасы бірдей синоним сөздер. Ешқандай айырмашылық жоқ.

Марқұм Шерхан Мұртаза айтпақшы, «Жапалақты таспен ұрсаң да жапалақ өледі, тасқа жапалақты ұрсаң да жапалақ өледі». Орыс тілі қазақ тілінің қатарында тұрмаса адасып кете ме?!

Ата Заңдағы «мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деген талап «мемлекетті басқару, заң шығару және іс-қағаздарын жүргізуде тек қазақ тілі қолданылуы керек» дегенді білдіреді. Демек, мемлекетті басқарып отырған Президент пен Үкімет, заң шығаратын Парламент және соттар қазақ тілінде іс жүргізуге міндетті болады. Биліктің тас кенеше жабысып, Ата Заңнан орыс тілінің мәртебесін алғысы келмеуінің басты себебі осында. Ал орыс тілін алып тастау – орыс тілді адамдардың құқығын шектемейді, ешкімге тиым салмайды



жай ғана мемлекеттік бюрократиялық аппаратты қазақ тілінде жұмыс істеуге міндеттейді. Билік осыдан қорқады.

Талап бойынша құқықтық тұрғыда қазақ тілі мен орыс тілі екеуі қатар қолданылады деген сөз тіркесі «қазақ тілі – мемлекеттік тіл» деген сөздің ешқандай құқықтық қуаты болмайтындығын басымнан сан мәрте өткердім. Біраз жыл Қонаев қалалық мәдениет, спорт және тіл бөлімінде құрылған

"Тіл сақшысы" жұмысшы тобына журналист ретінде мекемелер мен кәсіпорындарға, дәмханалар мен мейрамханаларға, дүкендерге тіл тазалығы жөніндегі көптеген рейдтерге қатыстым.

Сондағы ең алдымен үнемі алдымыздан шыққаны: "Орыс тілі қазақ тілімен тең қолданылады. Қайда барсаңдар онда барыңдар, сауалдарыңызға жауап беруге міндетті емеспіз" деген сөз болды. Айтыстық, тартыстық. Амал нешік, заң тармағы олар үшін тас қамалдай берік қорған болғандықтан не сөзімізді өткізе алмай, не айыппұл сала алмай, тек түсіндірме жұмыстарын жүргізумен шектеліп, қайтып жүрдік. Мемлекеттік тіл барлық жерде, балабақша мен мектепте, жоғары оқу орнында, әскер мен құқық саласында, сотта үстем болып, парламент пен үкіметтің тіліне айналмайынша, қазақ тіліне қажеттілік болмайынша өрісі кеңеймейтіндігіне көзім сонда жеткен болатын.

"Ұлтты ұлт етіп көрсететін тілі ғана. Бір ұлттың тілінде сол елдің тарихы, тағдыры, бүкіл болмыс-бітімі жатыр. Сол себепті ұлттарды ұйыстырушы бір ғана тіл – қазақ тілі болуы керек. Мен осы принципті ұстанамын", – дейді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асылы Осман, ал ойшыл ақын Қадыр Мырза Әли: «Бір ауызға бір емес, бірнеше тіл сияды. Бірақ соған ана тілін сыйғыза алмасаң, қазақ болмай-ақ қой!» дегені сананы сілкіді. Сондықтан Ата Заңда БІР ТІЛ – БІР МЕМЛЕКЕТ қағидасы нақты көрініс табуы керек.

**Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ,
Балқаш ауданы мен Қонаев қаласының Құрметті азаматы**

«БАСТАУ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ КЕЗЕҢІ ӨТТІ

Аталған олимпиаданың мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының математика пәніне деген қызығушылығын арттыру, дарындылықты анықтау және қолдау, сондай-ақ бәсекеге қабілетті, білімді тұлға қалыптастыру. Зияткерлік сайыс оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, математикалық сауаттылығын, алғырлығы мен жылдам шешім қабылдау дағдыларын дамытуға бағытталды.

Салтанатты ашылу рәсімінде облыстық әдістемелік орталығының әдіскері Гүлзада Жангазиева сөз сөйлеп, олимпиаданың мазмұны мен маңыздылығына тоқталды.

– Бүгін білімге құштар, талапты да талантты балаларды біріктірген «Бастау» олимпиадасында бас қосып отырмыз. Бұл – алғашқы жеңістерге бастайтын маңызды қадам. Әр тапсырмада білімдеріңізді, тапқырлықтарыңызды, батылдықтарыңызды көрсетіңіздер. Ең бастысы – өздеріңізге сеніп, білім алудан ләззат алыңыздар. Барлық қа-

Қонаев қаласындағы Д.Қонаев атындағы №1 орта мектеп базасында дарынды балаларды қолдауға бағытталған «Бастау» республикалық математикалық олимпиадасының қалалық кезеңі ұйымдастырылды.

тысушыға сәттілік тілеймін, – деді ол.

Олимпиада үш кезең бойынша өткізілді: «Әу, баста!», «Асық» және «Математикалық бәйге».

«Әу, баста!» кезеңінде командалар 15 минут ішінде бірлесе отырып 5 ма-

тематикалық есеп шығарды. Әр дұрыс жауап 10 ұпаймен бағаланды.

«Асық» кезеңінде оқушылардың логикалық ойлау қабілеті мен жылдамдығы сыналды. Әр командаға 5 логикалық тапсырма беріліп, әр тап-



сырманы орындауға 1 минут уақыт қарастырылды. Дұрыс жауапқа 10 ұпайдан берілді.

«Математикалық бәйге» кезеңінде әр қатысушы жеке білімін көрсетті. Оқушыларға 10 сұрақ қойылып, әр сұраққа жауап беру уақыты 30 секундты құрады. Әр дұрыс жауап 5 ұпаймен бағаланды.

Қорытынды нәтижеге сәйкес, қазақ сыныптары арасында I орынды Орта мектеп-гимназиясы иеленді. Орыс сыныптары бойынша I орынды №2 орта мектеп жеңіп алып, облыстық кезеңге жолдама алды.

Қалалық кезең жас зияткерлердің білім деңгейін айқындап, дарынды оқушыларды келесі кезеңге іріктеу міндетін жүзеге асырды.

Аян ҚОНАРОВ





Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығы Қонаевта тойланды

Кезінде «Бүгін менің туған күнім, ой пәлі-ай! Мына адамдар неге жатыр тойламай?!» деген Хан Тәңірінің мұзбалақ ақыны Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдық мерейтойын бүгін Қонаев қалалық Мәдениет үйінде барша халық болып атап өтті. «Есіңе мені алғайсың..» атты әдеби-сазды кеште жиналған қауым ақынның сөзіне жазылған әуезді ән мен жырын тыңдап, 1991 жылы қыркүйекте Қазақ КСР Министрлер кабинетінің 544 қаулысымен ақынның туған ауылында ашылған Мұқағали Мақатаев әдеби-мемориалды музейінің жылжымалы көрмесін тамашалады.

Мәдениет үйінің дәлізі бұл күні кәдімгі музей кеңістігіне айналғандай әсер қалдырды. Қарасаздан арнайы жеткізілген жәдігерлерді музей қызметкері Мөлдір Әділбай көпшілікке байыппен таныстырды. Өрбір заттың артында бір ғұмырдың ізі, бір дәуірдің тынысы жатқандай. Көрмеде ақынның қаламсабы, насыбай салатын шақшасы, телефоны, сағаты, жазу машинкасы, портфелі, «Жұлдыз» журналында поэзия бөлімінің меңгерушісі болған кездегі қызметтік куәлігі, Жазушылар одағының мүшелік билеті, қолжазбалары, кітаптары және өмірінің соңғы жылдары киген киімдері қойылды. Сонымен қатар, көрмеге өзінің көзі тірісінде жарық көрген «Өмірдастан» кітабы да қойылған екен. Оның ерекшелігі, Темірбек есімді азаматқа қолтаңбасын қойып табыстаған кітапта ақын өзінің өмірден өтетін күнін алдын ала жазып қалдырған дейді.

Бұл жәдігерлер – тек тұрмыстық бұйымдар емес, қазақ поэзиясының тарихына айналған айғақтар. Көпшілік жазу машинкасына үңіліп, «осы темірдің тарсылынан қаншама өлең туған екен?» деген ойға шомса, ескі портфель мен куәлік ақынның еңбек жолын еске салды.

Әдеби-сазды кеш сахна төріндегі әсерлі композициямен ашылды. Сахналық қойылым ақын жырларымен өріліп, көрерменді бірден Мұқағали әлеміне жетеледі. Сырлы сөз, жарық пен музыка үндесіп, ақын рухымен тілдескендей күй сыйлады.

Кешке арнайы қатысқан Қонаев қаласының әкімі Асхат Бердіханов жұртшылықты мерейтоймен құттықтап, ақын мұрасының мәңгілік маңызын атап өтті.

– Мұқағали – халықтың жүрегіне жол тапқан, жылдар өтсе де маңызын жоғалтпаған ұлы тұлға. Оның жырлары елдікті, бірлікті, туған жерге деген махаббатты дәріптейтін мәңгілік рухани құндылық болып қала береді. Сондықтан биылғы мерейтой – ақынды еске алу ғана емес, оның асыл сөзін жас ұрпаққа аманат ету. Бүгінгі шара ақын мұрасын дәріптеп қана қоймай, көрерменнің жүрегіне жол табады деп сенемін, – деді Асхат Еремекұлы.

Қала басшысы мәдениет пен өнерге арналған барлық бастамаларға әкімдік тарапынан қолдау көрсетілетінін де жеткізді.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Әнуар Үмбеталиев те сөз алып, өңір көлемінде Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына арналған іс-шаралардың кең ауқымда өткізіліп жатқанын айтты. Оның айтуынша, ақын

артына өшпес өлең, өлмес мұра қалдырған мұзбалақ тұлға ретінде ұлт руханиятының алтын қорында мәңгі сақталады. Бүгінгі кеш – Қонаев қаласы тұрғындарының ақынға деген шынайы құрметінің көрінісі.

Қонаев қалалық Мәдениет үйінің өнерпаздары зал толы көрерменді ақынның өлеңдеріне жазылған әндермен сусындатты. Өрбір орындалған ән мен оқылған жыр көрермен жүрегіне жетіп, Мұқағалидың ішкі жан дүниесін тереңірек сезінуге мүмкіндік берді. Ақын жырларының жасандылықтан ада, табиғатпен тілдесіп, халықпен бірге мұңайып, бірге қуанып жазылғаны анық сезілді. Өлеңнің жүректен шыққаны – жүрекке жеткенінің дәлелі.

Кеш барысында сахна төрінде ұсынылған көріністер де ерекше әсер қалдырды. Қалалық мәдениет үйінің өнерпаздары тарихи деректерді көркем тілмен тірілтіп, ақын рухымен сырласқандай әсер тудырды. Адалдық пен шынайылыққа үндейтін Мұқағали мұрасы көркем сахналық бейнелер арқылы жаңа қырынан ашылды.

«Қонаев әуендері» ансамблінің сүйемелдеуімен Сәкен Нұрпейісов, Бекболат Сағадиев, Дарын Нартай «Күрең күз» әнін нақышына келтіре орындап, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Сондай-ақ Айнұр Бекбосынова, Аружан Музафарова, Айдана Амангелдиева, Айсауле Қияс, Бекболат Сағадиев қазақы қоңыр дауыспен ақын әндерін әуелете шырқап, көрермен көңілін тербетті.

Кештің қорытындысы ретінде қазақ эстрадасының әншісі Жұбанш Жексенұлы сахнаға шығып, «Есіңе мені алғайсың» әнін орындады. Бұл ән кештің атауымен астасып, рухани шараның символына айналғандай болды.

Кеш соңында сөз алған ақын, Қонаев қаласының Құрметті азаматы Алтыншаш Жақиянова да өз әсерімен бөлісті.

– Бүгінгі кеште Қонаев қалалық Мәдениет үйінің өнерпаздары Мұқағали Мақатаевтың өлеңдеріне жазылған әндерді ерекше нақышпен орындады. Қарасазда туып, қара өлеңімен халықтың сүйіктісіне айналған ақынды есін білген баладан еңкейген кәріге дейін бәрі сыйлайды. Ол туған жерін, тілін, халқын жырға қосып, артына тәрбиелік мәні терең рухани мұра қалдырды. Өлең жырын арқалаған нар тұлғаның кешіндегі тебіреністі көріністерден ерекше әсер алып, толқып отырмыз.

Жас қайыңдар биік-биік тал болып,
Жетім көлді таба алмайтын дал болып,
Мұқағали тірі болсаң жүрер ме ең
Өлең жүгін арқалаған нар болып...

Нар тұлғалы Мұқағали ағамыздың рухы биіктей берсін, шарықтай берсін, сазды концертіміз бола берсін! – деп тілегін де айтты.

Қара өлеңнің қасиетін қадірлеген қауым бұл күні Мәдениет үйінен тек концерт тамашалап емес, рухани байып қайтты. Мұқағали жыры – уақытпен өлшенбейтін құндылық.

Назерке ИНАҚЫНҚЫЗЫ



«Ата-аналар университеті» бағдарламасы аясында жиналыс өтті



Қонаев қаласының көпсалалы колледжінде Алматы облысы бойынша психологиялық қолдау оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Ата-аналар университеті» автоматтандырылған платформасымен жұмыс жүргізу және бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты жақсарту мақсатында жиналыс өтті.

Басқосуда алғашқы сөз Алматы облысы бойынша психологиялық қолдау оқу-әдістемелік орталығының әдіскер-үйлестірушісі Шынар Орынбековаға берілді.

– «Жанұя» отбасын қолдау орталығы қоғамдық қоры Қазақ психологиялық қоғамымен бірлесіп, «Ата-аналар университеті» бағдарламасын әзірледі. Бағдарламаның мақсаты – бала мен ата-ана арасындағы эмоционалдық байланысты және өзара әрекеттесуді арттыру, отбасындағы тұлғааралық қатынастарды үйлестіру. «Ата-аналар университеті» бағдарламасы білім беру мекемелері мен ата-аналарға балалармен берік байланыс орнатудың жолдарын ұсынып, жанжалдарды эмпатиялық тұрғыда шешу әдістерін үйретеді. Бағдарлама психолог мамандар тарапынан сыннан өткен. Ол қауіпсіз орта қалыптастырып, әрбір баланың бақытты кеңістікте өмір сүруіне мүмкіндік береді. Сонымен

қатар әр ата-ана өз сұрағына нақты жауап таба алады, – деген Шынар Ержанқызы облыс көлемінде жүргізілген алдын алу жұмыстарының өткен жылғы сандық талдау статистикасы жөнінде де ақпарат берді.

Сондай-ақ әдіскер-үйлестіруші «Ата-аналар университеті» бағдарламасының қалай қолданылатынын түсіндіріп, бала тәрбиесіне қатысты ақыл-кеңес берді әрі ата-аналарды білім беру ұйымдарымен тығыз байланыста болуға шақырды.

Одан кейін Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы Айгерім Жетенова вакцинацияның адам өміріндегі маңызына тоқталды.

– АДС-М – дифтерия мен сіреспеге қарсы егілетін вакцина. Дифтерия тыныс жолдарын жауып, жүрек пен жүйке жүйесін зақымдайды. Оның соңы қайғылы жағдайға әкелуі мүмкін. АДС-М иммунитетті сақтап, аурудың ауыр

түрінен қорғайды. Ал сіреспе топырақта, тот басқан заттарда кездесіп, жарақат арқылы жұғады. Бұл ауру өте ауыр өтеді, өлім-жітім көрсеткіші де жоғары. Оның алдын алудың тиімді жолы – АДС-М вакцинасы. Ұзақ мерзімді иммунитет қалыптастыратын бұл екпеден кейінгі қорғаныш 10 жылға дейін сақталады, – деді Айгерім Санатқызы.

Ол дифтерия мен сіреспеге қарсы вакцинацияның не үшін, кімдерге, қашан және қалай салынатынын, қарсы көрсетілімдері мен егу кестесінің негізгі қағидаларын, сондай-ақ ұжымдық иммунитеттің маңызын кеңінен түсіндірді.

Келесі кезекте Жастар денсаулығы орталығының үйлестірушісі, валиолог-психолог Назгүл Жанұзакова сөз алып, орталықтың атқарып жатқан жұмысы туралы баяндады. Оның айтуынша, Жастар денсаулығы орталығы 2018 жылы кабинет ретінде ашылып, екі жыл бұрын орталық мәртебесіне ие болып, жеке ғимаратқа қоныстанған. Орталық жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын сақтау бағытында жұмыс істейді. Колледждер мен мектептерде семинарлар мен кездесулер тұрақты түрде өткізіліп тұрады.

Орталықта эндокринолог, гинеколог, психолог және басқа да мамандар қызмет атқаратынын айтқан үйлестіруші медициналық және психологиялық көмекке жүгінген жасөспірімдердің жеке деректерінің құпиялығы қатаң сақталатынын атап өтті.

Қонаев қалалық полиция басқармасына қарасты ювеналды полиция бөлімшесінің инспекторы Мақсат Қожабеков қазіргі кезде жасөспірімдер арасында есірткі тасымалдау және олардың банк карталарын алаяқтардың пайдалану деректері көбейіп отырғанын айтты. Сонымен қатар ол ата-аналарды әкімшілік құқықбұзушылықтар бойынша бірқатар баптармен таныстырып, балаларын мұндай жағдайлардан сақтандыруға шақырды.

Жиналысты қорытындылаған Алматы облысы бойынша психологиялық қолдау оқу-әдістемелік орталығының әдіскер-үйлестірушісі Шынар Орынбекова колледжде студенттерге білім берілетінін, ал тұлғалық тәрбие мен мінез-құлықтың қалыптасуы ең алдымен отбасындағы тәрбиеге байланысты екенін атап өтіп, ата-аналарға баламен дұрыс қарым-қатынас орнату жөнінде кеңес берді.

Назерке Инақынова

Под открытым небом: как Конаев пережил ураган

В ночь с 8 на 9 февраля Конаев оказался во власти сильного ветра – его скорость достигала 27 метров в секунду. Утром город проснулся уже в других условиях: повреждённые кровли, оборванные линии электропередачи, поваленные деревья.

Корреспонденты нашей редакции побывали в микрорайонах, где зафиксированы наиболее серьёзные последствия непогоды.

Во дворах ещё видны следы стихии – обломки металлических конструкций, фрагменты кровельного покрытия, ветви деревьев. Коммунальные службы работают на местах, часть повреждённых участков уже очищена, однако на крышах жилых домов остаются открытые участки, требующие срочного ремонта.

По информации пресс-службы акимата города Конаева, в связи с ухудшением погодной обстановки был создан оперативный штаб, а коммунальные и экстренные службы переведены на усиленный режим работы. К ликвидации последствий привлечено более 300 человек и свыше 60 единиц специализированной техники.

По предварительным данным, повреждения кровель зафиксированы примерно у 30 жилых домов. Кроме того, ветер повредил около 40 километров линий электропередачи. В настоящее время электроснабжение восстановлено, работы продолжают в плановом режиме.

Особое беспокойство выражают жители верхних этажей. Люди понимают, что в кратчайшие сроки полностью восстановить кровли невозможно, однако опасаются возможных осадков.

«Если пойдёт снег, а затем начнётся оттепель, вода может попасть в квартиры. Мы переживаем за потолки и стены», – говорит жительница одного из домов, где ветром сорвало часть покрытия.

Опасения горожан связаны прежде всего с риском протечек и затопления квартир. В некоторых домах временно проведены работы по укреплению и частичному закрытию повреждённых участков, однако капитальный ремонт требует времени.

Аким города Конаева Асхат Бердиханов провёл объезд пострадавших территорий и ознакомился с ходом восстановительных работ. По итогам инспекции он провёл оперативное совещание со специалистами отдела жилищно-коммунального хозяйства, дав поручения ускорить устранение последствий и держать ситуацию на постоянном контроле.

«Сильный ветер наблюдался всю ночь и сохранялся до обеда. Пострадавших нет, угрозы жизни и здоровью граждан не зафиксировано. Все обращения находятся на контроле, ни один адрес не останется без внимания», – отметил глава города.

В акимате заверили, что при необходимости пострадавшим будет оказана помощь в рамках действующего зако-



дательства. Все восстановительные мероприятия финансируются за счёт средств местного бюджета.

Служба спасения предупреждает о возможном повторном усилении ветра в ближайшие дни с порывами до 17–22 м/с и призывает жителей соблюдать меры предосторожности. Обо всех аварийных ситуациях необходимо незамедлительно сообщать в единый контактный центр 109.

Город постепенно возвращается к привычному ритму, однако для жителей верхних этажей ближайшие дни остаются временем тревожного ожидания – погода в феврале способна внести свои коррективы.

Дина АМИРОВА

«Если хочешь быть счастливым – будь им!»

Когда встречаешься с хорошими людьми, жизнь становится ярче и краше, и непроизвольно воскрешается вера в общечеловеческое добро...

(Лев Толстой)

Светлана Кулахметовна Джумажанова... Все старожилы знают её – эту активную, жизнелюбивую женщину, которая в свои 78 лет не умеет и не хочет стоять у обочины дороги. Она видит всё, чем живёт город, участвует во многих общегородских мероприятиях, была одним из инициаторов строительства памятника первооткрывателям Капчагая, в течение многих лет принимала активное участие в работе городского Совета ветеранов... Я не стала вникать в причины добровольного выхода Светланы Кулахметовны из состава Совета ветеранов, но это стало для многих из нас какой-то безрадостной неожиданностью...

А сегодня? С восторгом слушаю я её размышления о том, какой должна быть человеческая старость.

«Не могу, не могу я сидеть сложа руки и только считать, сколько мне лет... Конечно, дети, внуки – их успехи радуют, и я стараюсь им помогать всем, чем могу. А правнуки – это просто безграничное счастье! Это святая вера в бесконечность нашей жизни! Но душа моя всё равно просит простора! Вместе с другими жителями Капчагая – Конаева мы посещаем театры Алматы: и драматический театр им. М. Ю. Лермонтова, и театр им. М. Ауэзова, и театр Натальи Сац, и оперный театр – где мы только ни были! Это такой восторг, это места, где забываешь о трудностях нашего



смутного времени, где восхищаешься игрой артистов, их мастерством и удивительным певческим талантом, и душа непроизвольно молодеет и просто-напросто рвётся в полёт!»

Но особо покорила меня рассказ Светланы Кулахметовны о том, чем она сегодня заполняет свои будни. Она ходит в спортзалы, занимается йогой и гимнастикой, осваивает мастерство ходьбы со скандинавскими палочками, посещает курсы углублённого изучения казахского и английского языков и даже поёт в городском хоре! С каким усердием она учит уроки! Такое, к сожалению, дано не каждому...

День её занят до отказа! И ещё Светлана Кулахметовна очень много читает. Перечитывает произведения Ауэзова и Пушкина, Толстого и Чехова, Абая и Омара Хайяма... Ни одного дня без чтения!

И дети, и внуки гордятся своей неугомонной бабушкой, которая родилась в 1942 году, окончила среднюю школу в казахском селе и поступила в Саратовский политехнический институт, который успешно окончила по специальности «инженер-строитель». Ей предлагали работу в Красноярске, но её звала к себе родная казахская земля, и она изъявила желание поехать на строительство нового города



Капчагая, объявленного Всесоюзной стройкой. В то время Светлане было всего 25 лет... Ей, как молодому специалисту, тут же выделили квартиру, но она отказалась: одна женщина ждала ребёнка, и Светлана уступила ей благоустроенную квартиру, а саму её поселили в маленький деревянный домик в посёлке гидростроителей – ПДУ, где она прожила долгих 13 лет.

Со временем Светлану назначили старшим инженером технадзора в облсполкоме, и уже через полгода, в сентябре 1981 года, она получила благоустроенную трёхкомнатную квартиру, где и живёт по сей день.

«Старости, как таковой, нет, – посмеиваясь, говорит Светлана Кулахметовна. – Старость наступает только тогда, когда человек этого захочет. А я по-прежнему жду весну, и в 4–5 утра снова буду вставать и бежать к нашему родному рукотворному морю, которое вновь будет продлевать мою душевную и физическую молодость... Так что всеильной старости, как таковой, нет».

Как сказал Генри Форд:

«Величайшая вещь в жизни – сохранить молодость ума».

Альбина ЛАВРОВА

Ел шебін ерлікпен қорғады

Биыл Қазақстан Республикасының жеке құрама атқыштар батальонының Тәжік-Ауған шекарасынан шығарылғанына 25 жыл толды. Осыған орай, өткен аптада Қонаев қаласының Орталық саябағында еске алу іс-шарасы өткізіліп, батырларды ұлықтауға, тарихи жадыны сақтауға және Отан қорғаушылар ұрпақтарының сабақтастығын нығайтуға бағытталды.



Аталмыш шараға қала өңіріндегі күштік құрылымдардың, әскери бөлімдердің командирлері, ардагер жауынгерлер, әскери қызметшілер мен қалалық қоғамдық ұйымдардың өкілдері, колледж студенттері мен оқушылар қатысты.

1993-1999 жылдар аралығында еліміздің Жеке құрама атқыштар батальоны Тәжік-Ауған шекарасында жауынгерлік міндеттерін орындады. Сарбаздар ТМД шекарасының өтүстік шебін, Ауғанстанмен шектесетін ең ауыр және қиын учаскенің тыныштығын күзетті. Олардың басты мақсаты тәжік-ауған шекарасындағы ахуалды ретке келтіру, бұған қоса

гуманитарлық көмек тауарларының және босқындардың қауіпсіз жетуін қадағалау, маңызды нысандарды қорғау еді. Батальонның жеке құрамы күрделі әскери-саяси жағдайда аса жауапты қызмет атқарып, ерлік, жоғары кәсібилік және Отанға адалдықтың үлгісін көрсетті.

Ең жойқын қақтығыс 1995 жылы Памир тауларындағы Пшихавр шатқалында болды. Сол жерде содырлармен болған атыста 17 қазақстандық жігіт қаза тауып, 33-і түрлі жарақат алған болатын. Жиылған жұрт қаза тапқан сарбаздарды бір минут үнсіздікпен еске алып, тәжік-ауған шекарасында

қызмет атқарған сарбаздарға арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойып, құрмет көрсетті.

Іс-шарада Тәжік-Ауған шекарасындағы ұрыс қимылдары мен әскери қақтығыс қатысушылары мен ардагерлер Одағы республикалық бірлестігінің төрағасы Мұрат Мұхамеджанов сөз сөйлеп, жауынгерлердің әскери борыштарын абыроймен орындағандарын атап өтті.

Одан кейін салтанатты шара қалалық мәдениет үйінде жалғасты. Іс-шараның ашылуында 32363 әскери бөлімі командирінің орынбасары, гвардия подполковнигі Дархан Жеңісбаев құттықтау сөз сөйлеп, Тәжік-Ауған шекарасындағы әскери қызметтің ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі тарихи маңызына тоқталып, атап өтті. Сондай-ақ, бейбіт өмір үшін жауапты кезеңдерде ел мүддесін қорғаған ардагерлердің ерлігі ешқашан ұмытылмайтындығын жеткізді.

– Бүгінгі күн – батальон жауынгерлерінің ерлігі мен Отанға адалдығының, әскери борышқа беріктігінің символы. Батальон ардагерлерін тарихи датамен құттықтаймын. Жауынгерлік қызметтен аман-есен оралған сіздер бүгінгі таңда қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, мектеп оқушылары мен студенттер арасында әскери патриоттық шараларды жиі өткізіп, жастарды салауаттылыққа, елін қорғауға тәрбиелеуге өз үлестеріңізді қосып келесіздер, – деді Қонаев қаласы мен Алматы облысы бойынша Тәжік-Ауған шекарасындағы ұрыс қимылдары мен әскери қақтығыс қатысушылары мен ардагерлер Одағы республикалық қоғамдық ұйымы филиалының төрағасы Серік Сәрсенбаев өз құттықтауында.

Жиын барысында арнайы бұйрық оқылып, Отан алдындағы адал қызметі мен елге сіңірген ерен еңбектері үшін ардагерлерге Алғыс хаттар және мерекелік медальдар табысталды. Салтанатты шара патриоттық әндерге ұласқан концерттік бағдарламамен қорытындыланды.

Заңғар АЛТАЙ

Алматы облысында жаңа Конституция жобасы талқыланды

Алматы облысы әкімдігінде жаңа Конституция жобасын талқылауға арналған кеңейтілген жиын өтті. Басқосуға Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов арнайы қатысып, конституциялық реформаның мәні мен мазмұнына тоқталды. Жиында облыс әкімінің бірінші орынбасары Қанат Есболатов, өңірдегі этномәдени бірлестіктердің төрағалары мен қоғамдық құрылымдардың жетекшілері бас қосты. Бұл туралы Алматы облысы әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Кездесу барысында негізгі назар Конституциялық реформалар жөніндегі комиссияның жұмысына және жаңа заң жобасының ел дамуына ықпалына аударылды. Марат Әзілханов өз сөзінде Қазақстанда қалыптасқан қоғамдық келісім моделі уақыт сынынан өткенін атап өтті. Оның айтуынша, ел бірлігі – кез келген саяси және құқықтық өзгерістің табысты жүзеге асуының басты кепілі.

Ассамблеяның эволюциялық даму жолына тоқталған спикер алғашқы кезеңде этностардың мүддесін білдіру алдыңғы орында болғанын, ал бүгінде

ортақ азаматтық қағидатқа негізделген біріктіруші институтқа айналғанын жеткізді. Қазіргі таңда Ассамблея мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп, қоғамдық келісімді нығайту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Осы жылдары заңнамалық және институционалдық тетіктер қалыптасып, елдегі тұрақтылық пен татулықты қамтамасыз етудің берік негізі қаланған.

Жаңа Конституция жобасында ұсынылған «Халық кеңесі» алаңы да талқылаудың өзегіне айналды. Марат Әзілхановтың айтуынша, бұл бастама



қоғамдағы өзекті мәселелерді ашық талқылауға, түрлі этностар мен әлеуметтік топтардың пікірін ескеруге және консенсусқа негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Яғни, жаңа құрылым қоғамдық диалог мәдениетін нығайтып, азаматтық жауапкершілікті арттыруға бағытталған.

Жиын барысында өңірдегі этномәдени бірлестіктердің өкілдері де белсенділік танытып, жаңа Конституция жобасына қатысты өз ой-пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды. Қатысушылар қоғамдық келісімді сақтау

тек мемлекеттік органдардың міндеті емес, барша азаматтың ортақ жауапкершілігі екенін атап өтті.

Талқылау қорытындысында өңірдің этномәдени бірлестік жетекшілері жаңа заң жобасын қолдайтындықтарын білдіріп, оның ел бірлігін нығайтуға және азаматтық қоғамды дамытуға ықпал ететініне сенім білдірді. Облыс деңгейінде өткен бұл жиын конституциялық өзгерістерді кеңінен түсіндіру және қоғамдық пікір алмасу алаңын қалыптастыру тұрғысынан маңызды қадам болды.

Сынып сағаттары полигон тақырыбына арналды

Дінмұхамед Қонаев атындағы №1 қазақ орта мектебінде «Тарихтан тағылым – ядролық қарусыз болашақ» атты Семей ядролық полигонының жабылуының 35 жылдығына арналған 2-11 сынып оқушыларының арасында 26 қаңтар мен 2 ақпан күндері сынып сабақтары өткізілді. Сабақтың басты мақсаты – Семей полигонының жабылуының тарихи маңызын ашу, қоғамдық белсенділік пен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру, полигонды жабуға үлес қосқан тұлғалардың еңбегін насихаттау.

Адамзат тарихындағы ең ауыр сынақтардың бірі-Семей ядролық полигонының жабылуына орай мектепте ұйымдастырылған сынып сабақтары оқушыларға Семей адам денсаулығы мен табиғатқа тигізген ауыр зардаптары туралы түсінік бере отырып, оның қазақ халқына әкелген қасіретін ұғындыру, бейбітшілік пен адам өмірінің құндылығын

дәріптеу және жас ұрпақты ел тағдырына бейжай қарамауға арналды.

2-11 сыныптары арасында өткізілген сынып сағаттары «Жер-біздің ортақ үйіміз», «Бейбітшілік-ең үлкен байлық», «Қазақстан-ядросыз ел», «Семей полигоны-тарих беттеріндегі қасірет», «Ядролық сынақтың табиғатқа әсері», «Семей полигоны және адам тағдыры», «Семей полигоны: тарих, шындық, сабақ», «Невада-Семей қозғалысы: халық үні», «Семей полигонының жабылуы-тарихи шешім», «Ядросыз әлем-адамзаттың болашағы» атты тақырыптарды қамтыды.

Мектеп директоры Гүлдарига Жақсымбетова «Мектебімізде ұйымдастырылып жатқан іс-шаралардың барлығы жас ұрпақтың бойында азаматтық жауапкершілікті қалыптастырып, бейбіт өмірдің қадірін ұғындыруға бағытталып отыр. 1991 жылдың 29 тамызы-Семей ядролық сынақ полигонының жабылған күні. Полигонның жабылуы-тәуелсіз Қазақстанның ядросыз әлемді қолдайтын батыл

қадамы болды. Бұл бір аймақтың ғана емес, бүкіл елдің, тіпті бүкіл әлемнің тағдырына әсер еткен тарихи шешімге айналды. Бүгінгі жас ұрпақтың, яғни сендердің міндеттерің- тарихтан тағылым алып, ядролық қарусыз болашақты сақтау болып табылады», – деді.

Мектептің үздік оқушысы Аймәлдір Төлепбергемқызы Семей ядролық полигоны жайлы ақпаратпен бөліссе, оқушылар тарихтың жай ғана деректерден құралмайтындығын өздерінің жасаған әдеби монтаждарында жан-жақты ашып көрсетуге тырысты.

Ядролық полигонынан мыңдаған адам радиация зардабын тартты. Жер де, ел де үнсіз қасірет кешті. Осы ауыр шындықты бейнелейтін «Полигон қасіреті» сахналық көрінісі оқушылар назарына ұсынылды. Балым Сәулетбектің «Заман-ай» өнімен жалғасқан көрініс бейбітшіліктің қадірін, тарихтың ауыр сабағын еске оралтты.

Жадыра Айыпжанның ұйымдастыруымен өткен «Семей полигонының жабылуы-тарихи шешім» сынып сабағы полигонның зардаптары мен «Невада-Семей» қоғамдық қозғалысының рөлін түсіндіруге бағытталды. Оқушылар бейнебаян жайлы өз ойларымен бөлісу үшін 3 топқа бөлініп, бірінші топқа «Полигонның адам денсаулығы мен табиғатқа тигізген зардабы», екінші топқа «1991 жылғы 29 тамыздағы Жарлықтың маңызы», үшінші топқа «Қазақстан-ядролық қарусыз әлем көшбасшысы» тақырыптарында тапсырма беріліп, сабақтан алған әсерлерін бір сөйлемге сиғызып жазу тапсырылды. Топ оқушылары бейнебаян мазмұнын талдай келе, берілген уақыт мерзімі ішінде «Саяси батылдық», «Жаһандық қауіпсіздікке қосқан үлес», «Экология және болашақ ұрпақ» деп қысқа да, нұсқа жауап берді.

Апталық ішінде өткізілген сынып сағаттары мектеп оқушыларына Семей ядролық сынақ полигонының тарихы, оның адам өмірі мен табиғатқа тигізген ауыр зардаптары туралы кеңінен мағлұмат беріп, ой-өрістерін кеңейтті.

Сынып сабақтарына Қонаев қалалық «Семей ядролық сынағынан жапа шеккендер» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Зарыққан Әбілқасымұлы, төраға орынбасары Назым Чажайбаева, қалалық Аналар кеңесінің төрағасы Дәметкен Нүсіпбекова, бірлестік мүшелері қалалық Ардагерлер ұйымының төрағасы Базарбай Оралбаев, Алмаз Мәдиева, Қайрат Далабаев қатысып, полигонның қазақ халқына тигізген залалы мен зардабы жайлы естеліктерімен бөлісті.

**Әлия ӘЛМҰХАНБЕТҚЫЗЫ,
Д. Қонаев атындағы
№1 орта мектептің педагог-
ұйымдастырушысы**



Зейнетақы тағайындауда әскери қызмет қалай ескеріледі?



Зейнетақы төлемдерін тағайындау және олардың мөлшерін арттыру 2023 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі Әлеуметтік кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес жүзеге асырылады.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін есептеу және растау тәртібі Кодекстің 208-209-баптарымен реттеледі.

Кодекстің 208-бабы 2 тармағына 1) тармақшасына сәйкес жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін жеңілдікпен есептеу кезінде ұрыс қимылдары кезеңінде әрекет еткен армия құрамындағы, оның ішінде әскери борышын өтеу кезіндегі әскери қызмет, сондай-ақ ұрыс қимылдары кезеңінде партизан отрядтары мен құрамаларында болуы, сондай-ақ әскери жарақат салдарынан емдеу мекемелерінде емделуде болған уақыт – әскери қызметшілерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындаған кезде осы қызметтің мерзімдерін есептеу үшін белгіленген

тәртіппен жұмыс өтіліне есептеледі.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 тамыздағы №733 қаулысымен бекітілген «Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда,

осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидаларына» сәйкес, әскери қызметшілер мен арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері ұрыс қимылдарына қатысқан басқа елдердің аумағында болған әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелер мен бөлімшелерде:

Сирияда – 1967 жылғы маусым, 1970 жылғы наурыздан бастап шілдеге дейін, 1972 жылғы қыркүйектен бастап қарашаға дейін, 1973 жылғы қазан, 1982 жылғы маусым,

Мозамбикте – 1967 – 1969 жылдар, 1975 жылғы қарашадан бастап 1979 жылғы қарашаға дейін, 1984 жылғы наурыздан бастап 1988 жылғы тамызға дейін,

Эфиопияда – 1977 жылғы 9 желтоқсаннан бастап 1990 жылғы 30 қарашаға дейін,

Ауғанстанда – 1978 жылғы сәуірден бастап 1989 жылғы 15 ақпанға дейін,

Анголада – 1975 жылғы қарашадан бастап 1991 жылғы желтоқсанға дейін,

Ливанда – 1982 жылғы маусым, ал жараланған, контузия алған немесе мертіккен әскери қызметшілерге және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне емдеу мекемелерінде емделуде үзіліссіз болған уақыт;

1993 жылғы 5 шілдеден бастап Тәжік-Ауған учаскесіндегі ТМД-ның

сыртқы шекарасын күзетуді күшейту жөніндегі міндеттерді орындаған-дарға;

армиясы ұрыс қимылдарын жүргізген немесе басқа мемлекеттерге әскери көмек көрсеткен елдерде, осы елдерге 1961 жылғы 1 қаңтардан бастап 1982 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде ұрыс қимылдарына қатысқанына қарамастан, іссапарға жіберілген ұшқыш құрамының әскери мамандарына;

Чернобыль АЭС-індегі авария салдарын жоюға және оқшауланған аймақта (1986 жылы тұрғындары эвакуацияланған аумақта) қоршаған ортаның ластануын алдын алуға байланысты жұмыста – 1986 жылғы 26 сәуірден бастап 1987 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі қызметтің 1 айы үш ай болып жеңілдікті шарттарда есептеледі.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы №232 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау Қағидаларының 6 тармағының 3) тармақшасында сәйкес өтініш берушінің еңбек өтілін растайтын құжаттары ретінде әскери ұрыс қимылдарына қатысқаны туралы әскери комиссариаттың анықтамасы болып айқындалған.

Айжан Алиевна ЖАНБАТЫР,
Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің №1 зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бас маманы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық тетіктері

Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алуы. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі:



- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті;
- 2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды;
- 3-1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізуді;
- 4) Қазақстан Республикасының заң-

- намасына сәйкес заңдық сараптама жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтауды;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтауды;
- 6) қаржылық бақылауды;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді;
- 8) мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешуді;
- 9) кәсіпкерлік саласында сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын;

10) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді;

11) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауды;

12) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жоюды;

13) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыруды және жариялауды қамтиды.

Жемқорлық – мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауына жол бермей, оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу – барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу қажет.

Н.Медетов,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы

ТА, КТО ПИШЕТ СЕРДЦЕМ

Есть люди, о которых невозможно написать сухо и официально. Их жизнь – это не просто биография, а целая эпоха, отражённая в судьбах учеников, читателей и коллег. Сегодня редакция поздравляет с Днём рождения Альбину Ивановну Лаврову – человека, для которого слово всегда было делом чести, а профессия – служением.

Альбина Ивановна родилась 12 февраля 1937 года в селе Новониколаевка Фрунзенской области Киргизской ССР в семье сельских учителей. Атмосфера уважения к знаниям и ответственности перед людьми определила её жизненный путь. В 1959 году она окончила филологический факультет Киргизского государственного университета и начала работать учителем русского языка и литературы. Уже в те годы проявилась её активная гражданская позиция: параллельно с преподаванием она стала сельским корреспондентом газеты «Ленинское знамя».

Педагогическая деятельность продолжилась во Фрунзе, затем в Алма-Ате. Альбина Ивановна работала учителем, заместителем директора по воспитательной работе, вкладывая в учеников не только знания, но и нравственные ориентиры. С 1968 по 1976 год она трудилась заместителем директора по воспитательной работе

в средней школе №16 города Капчагай, где её запомнили как требовательного и справедливого наставника.

Однако журналистика всегда оставалась её внутренней потребностью. Её статьи публиковались в «Казахстанской правде», «Вечерней Алма-Ате», «Аргументах и фактах» и других изданиях. В 2011 году Альбина Ивановна вновь активно включилась в работу в Капчагае, сотрудничая с газетой «Нурлы Őлке». За годы работы ею было написано более трёх тысяч материалов – вдумчивых, принципиальных, неравнодушных.

Она – автор книг «Мир таков, каков он есть», «Сценарии школьных мероприятий», «Верные воинской присяге», «Во имя жизни на Земле», «Через призму собственной совести», «Моё сердце с тобой, Капчагай», «Разум свой вверяя сердцу», а также лирических сборников «Когда душа жива», «От сердца к сердцу», «20-летию Независимости Казахстана посвящается»,

«По зову сердца своего». Отдельной страницей в её деятельности стала работа редактором книги о генерале Р.Е. Кайдарове «Жизнь, посвящённая служению Родине».

За многолетний добросовестный труд Альбина Ивановна удостоена звания Отличника образования Республики Казахстан, является учителем высшей категории, ветераном труда, Почётным гражданином города Капчагай, членом Международного Союза писателей. Её награды – признание профессионализма и гражданской позиции.

Но главное – это не регалии. Главное – её неравнодушие. Сегодня, в 89 лет, Альбина Ивановна остаётся постоянным автором нашей газеты. Она продолжает писать, поднимать сложные темы, бороться за справедливость, откликаться на боль и тревоги людей. Её статьи – это голос совести, опыт человека, прошедшего большой путь и не утратившего веры в силу правды.

В её судьбе удивительным образом соединились педагогика и журналистика – два призвания, объединённые любовью к людям и ответственностью за сказанное слово. И, пожалуй, именно это делает её жизненный путь таким цельным и достойным уважения.



Дорогая Альбина Ивановна!

Примите самые искренние поздравления с Днём рождения. Желаем Вам крепкого здоровья, душевного тепла, бодрости и вдохновения. Пусть Ваша энергия не иссякает, а перо остаётся таким же острым и честным. Мы гордимся тем, что Вы – наш автор, наш коллега, человек, на которого равняются.

С уважением, редакция газеты «Нурлы Őлке».

МӘҢГІЛІК ЖЫРДЫҢ ИЕСІ – МҰҚАҒАЛИ



Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай өткен қалалық байқау жас ұрпақтың поэзияға деген сүйіспеншілігін арттырды.

Қазақ поэзиясының заңғар тұлғасы, ұлттық рух пен адам жанының терең иірімдерін өлеңге сыйғыза білген Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай Қонаев қаласында тағылымды әрі мазмұнды әдеби шара ұйымдастырылды. Қонаев қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік мекемесінің қолдауымен, «Қонаев қаласының кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен өткен «Мәңгілік жырдың иесі – Мұқағали» атты қалалық байқау жасөспірімдердің поэзияға деген қызығушылығын арттырып, рухани дүниесін байытуға бағытталды.

6 ақпан күні Қонаев қаласының кітапханасында өткен байқаудың басты мақсаты – ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың бай әдеби мұрасын кеңінен насихаттау, оқушылардың көркем сөзге, поэзия әлеміне деген құштарлығын арттыру, өлең сөзінің құдіретін жүректен сезініп, санамен түсіне білуге баулу, сондай-ақ кітап оқу мәдениетін сақтау және дамыту.

Байқау үш кезең бойынша ұйымдастырылды. Алғашқы кезеңде қатысушылар ақынның «Мені сүйме, сыйлай білші одан да», «Шеше, сен бақыттысың», «Ей, өмір», «Шыда, шыда» және «Үш бақытым» атты танымал өлеңдерін мәнгерлеп, көркем оқудың талаптарына сай жатқа орындады.

Бұл кезеңде қатысушылардың дауыс ырғағы, сахна мәдениеті мен өлеңді жеткізе білу шеберлігі ерекше назарға алнды.

Екінші «Үй тапсырмасы» кезеңінде жас өнерпаздар Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған лэпбук әзірлеп, өз жұмыстарын қорғады. Бұл кезең қатысушылардың ізденісін, шығармашылық қабілетін, ақын мұрасына деген танымдық көзқарасын айқындады. Ал үшінші «Сұрақ-жауап» кезеңінде әр қатысушыға ақынның өмір жолы мен әдеби мұрасына қатысты үш

сұрақтан қойылып, олардың жылдам әрі нақты жауап беру қабілеті бағаланды.

Байқауға қазылар алқасының құрамында «AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалының саяси жұмыс бөлімінің меңгерушісі Байборинов Илияс Ғалымжанұлы, Respublica партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының міндетін уақытша атқарушы Бақтияр Қабасов, Алматы облысы әмбебап орталық кітапханасының оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Сұлтанбекова Данышпан Сманқызы және Қонаев қалалық кітапханасының басшысы Ақтанова Айгүл Бегімбайқызы болды. Қазылар алқасы қатысушылардың өнерін әділ бағалап, байқаудың жоғары деңгейде өтуіне өз үлестерін қосты.

Байқау қорытындысы бойынша Қ. Қайсенов атындағы №4 орта мектептің 8-сынып оқушысы Атығай Аліхан жыр әлеміндегі даралығымен көзге түсіп, I орынды иеленді. Қосқұдық ауылындағы №9 орта мектептің 7-сынып оқушысы Серік Балнұр мен Ы. Алтынсарин атындағы №1 орта мектептің 5-сынып оқушысы Өмірзақ Арнұр шығармашылық шеберліктерімен ерекшеленіп, жүлделі II орындарға ие болды. Ал Ақзек ауылындағы №10 орта мектептің 4-сынып оқушысы Сапарбаев Айдар мен Орта мектеп-гимназиясының 5-сынып оқушысы Мұратбек Айым III орынды қанжығаларына байлады.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер «AMANAT» партиясының арнайы жүлде қоры аясында ұсынылған ақшалай сертификаттармен және Қонаев қалалық кітапханасының дипломдарымен марапатталды. Сонымен қатар Respublica партиясы байқауға қатысушылардың еңбегін жоғары бағалап, бірқатар номинациялар бойынша арнайы дипломдар мен ақшалай сертификаттар табыс етті. Атап айтқанда, «Үздік лэпбук» номинациясы Кербұлақ ауылындағы №7 орта мектептің 5-сынып оқушысы Пахраддин Раянаға, «Ең жас қатысушы» номинациясы №2 орта мектептің 9-сынып оқушысы Өтеген Санжарға, ал «Үздік орындау шеберлігі» номинациясы Орта мектеп-гимназиясының 5-сынып оқушысы Мұратбек Айымға бұйырды.

Сонымен бірге Қонаев қалалық кітапханасы тарапынан да арнайы номинациялар тағайындалып, қатысушылар ақшалай сертификаттармен марапатталды. «Ең әсерлі қатысушы» аталымымен Сарыбұлақ ауылындағы №10 орта мектептің 7-сынып оқушысы Сайлау Жан, «Көрермен көзайымы» номинациясымен №3 орта мектептің 6-сынып оқушысы Жұмағазы Айсұлтан, ал «Үздік көркем сөз оқу» номинациясымен Д. Қонаев атындағы №1 орта мектептің 9-сынып оқушысы Мереке Айша марапатталды.

Байқау жоғары деңгейде ұйымдастырылып, жас оқырмандар мен көрермендерге рухани серпіліс сыйлады. Ұлт руханиятын ұлықтаған, поэзия құдіретін дәріптеген бұл әдеби байқау Мұқағали жырларының мәңгілік екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

А. Ақтанова,

Қонаев қалалық кітапханасының басшысы



Меншік иесі: «Қапшағай тынысы» ЖШС

Директор: Дәулет ЖОЛДАС

Бас редактор: Назерке ИНАҚЫНОВА

Бас маман: Аян ҚОНАРОВ, +7 707 612 68 90

Заңгер: Адайбек БЕЙІМБЕТОВ

Редакция мекенжайы:

Қонаев қ., 3-шағын аудан, 34 үй, 040800.

Электронды поштамыз: nurliolke@mail.ru

Көлемі 2 баспатабақ.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2023 жыл 3 ақпанда қайта тіркеліп, №KZ87VPY00064035 куәлігі берілген.

- Газет қазақ, орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.
- Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Кейбір мәтінге қатысы жоқ суреттерге жауап берілмейді.
- Газет редакциясы авторлармен хат алыспайды. Мақалалар өңделеді, авторларға қайтарылмайды. «Нурлы өлке» газетінде жарық көрген мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

Газет «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шықты.

Алматы обл., Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, С.Сейфуллин к-сі 2 «В».

Тел. 8 701 712 01 73.

Таралымы – 5135 дана.